

| Республикалық қоғамдық-саяси газет | www.aikyn.kz | Газет 2004 жылдың 6 наурызынан шыға бастады |



Айған Салықұлы (фото)

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик, Мәжіліс депутаты:

Біздің кейбір өте қажетті жобаларды іске асырудағы қимылымыз өте шабан

— Президент жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау жасайды. Егемен елдің іргетасын қаласқан азаматтардың бірі ретінде сіз үшін биылғы Жолдаудың басымдылығы неге деп ойлайсыз?

— Президенттің әр жылдағы халыққа Жолдауы еліміздің сол кездегі бағытын анықтайтын өте маңызды саяси, әлеуметтік, экономикалық бағдарлама. Онда әлем елдеріндегі хәм өз ішімізде болып жатқан

екенін өзім де сезінем. Ахан басын сұққан Торғайдағы Ы.Алтынсарин мектебінде мен де оқыдым, Әулиеқолда Шоқан атындағы мектепті бітірдім. Сол Әулиеқолда Ахан бірер жыл мектепте ұстаздық етті. Әулиеқолдың жеті көлінің бірі — «Учительское озеро» деп аталады. Данышпан Аханның ұстаздық өміріне тәнті болған жергілікті халық оның құрметіне көлге осылай ат қойды деген дерек бар.

дығы көзікарақты адамға түсінікті еді. 1963 жылы мен Мәскеудегі Г.В.Плеханов атындағы халық шаруашылық институтына аспирантураға оқуға түсіп. Сол жылы Олақ көлемінде социалистік экономиканың тиімділігін арттыру жолдары туралы үлкен пікірсайыстар басталды. Баспасөз бөлімде, көптеген көлемді конференцияларда сол кездегі жоспарлы экономиканың келенсіз жайлары ашық айтылды. Шегені

ның ең алдыңғы қатарынан орын алып, талай жарыс жүлдегері болдық. Ұлттық кадрлардың өсуіне шамамыз келгенде атсалыстық. 1987 жылы майда СОКП Орталық комитетінің сектор менеджерісі Мишенкомен пікірсайысқа түскенім бар. Арнайы барғаным жоқ, Орталық комитетке институт шаруасымен барғанымда онымен коридорда кездестім. «Мен сізді сыртыңыздан білемін, жүріңіз, сөйлесейік»

мен ғана айтпаған болармын) ескерілмеді. Нәтижесінде бүгінгі экономикадағы келенсіз көріністер осы жекешелендіруде орын алған кемшіліктер мен олқылықтар билік бетіне шіркеу болып басылып отыр.

— Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары ел экономикасын көтеру, инвестор тарту, төл тенгемізді шығару секілді ірі елі реформалар туралы Елбасыға ұсыныс жасалды. Сонда қай елдің қандай тәжірибелеріне сүйендіз?

— 1992-1995 жылдар еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформалардың бастапқы жылдары. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жүйеге түбегейлі өзгерістер сол жылдары енгізілді, қазіргі экономикалық саясаттың үлгісі сол кезде жасалды. Осы жылдары, әсіресе, 1992-1993 жылдары, Президент атына, Қазақстан Үкіметіне, Жоғары кеңеске бірнеше хат жолдадым. Онда Қазақстанда басталайын деп отырған экономикалық реформалардың стратегиялық бағыттары мен тактикалық әдістері туралы өз пікірлерімді айттым. Шетелден инвестиция тарту мына тығырыққа тірелген экономикаға ауадай қажеттігін ескерттім. Ұлттық ақшамыз болмаса экономикада дербес саясат жүргізіп, тәуелсіз боламыз деген бос арман екенін айтуға тырыстым. Ұлттық ақша ене қалғанда оның құны басқа елдер ақшаларымен салыстырғанда қандай болуы керек, оның беделін көтеретін шараларды сараптап, оларды Үкіметке ұсындым.

«Қай елдің тәжірибелеріне сүйендіз?» дегенге келсек, өкінішке қарай, Кеңес елінің мамандарында шетел тәжірибелерімен кеңінен танысуға мүмкіндік болмады. «Батыс елдерінің жүргізіп отырған экономикалық саясаты бізге жат» деген жалаң сөзден артық аса алмадық. Дегенмен социалистік экономиканың, оның әдістемелерінің тиімсіз, дұрыс нәтиже бере алмайтын-

наумен қатар дамыған елдердегі тауарды сұраныстан артық шығаруды тежеу. Яғни экономикасы жан-жақты дамыған елдердің шамалдан тыс бұйымдар өндіруді шектеу тетіктерінің бірі. Және де қосымша құн салығының деңгейі ол елдерде 13-14%, тек Норвегияда — 18%. Сіздер оның деңгейін 28% болсын деп отырсыздар. Бұл бізде тауардың бағасын шарықтап өсіреді, тауар өндіруді ынталандырудың орнына, керісінше, оны түншықтырады дедім. Алайда менің пікіріме ешкім де құлақ аспады. 1993 жылдан бастап қосымша құн салығы енгізілді де көп ұзамай елімізде тауар бағасы еселеп, жай еселеп емес, он-жүз еселеп өсті. Бағаны шектеу мәселелері туралы Президент арнайы Жарлық жариялауға мәжбүр болғаны да есімде. Бүгінгі күнге дейін бағаның өсуіне, көптеген бұрмалаушылыққа, жемқорлыққа арқау болып отырған осы — қосымша құн салығы. Бұл біздің экономикамызға жат дүние, оны басқа бір салық түрімен өзгерту туралы әлі де пікір айтудамын.

— Сіздің Целиноград ауылшаруашылық институтына ректор болған уақытыңыз қызық та қиын өтті. Ізінізге түсіп, арызданғандар да аз болмаған көрнеді. Құния болмаса айта отырсыңыз...

— 1982 жылы Алматы халықшаруашылық институтының оқу жөніндегі проректор (бірінші проректор) қызметінен Целиноград ауылшаруашылық институтының ректоры болып тағайындалдым.

Институтқа басшылық еткен жылдарым жемісті болды. Институттың материалдық-техникалық базасы сегіз жыл ішінде екі есе өсті. Совет Одағы көлеміндегі жана заман талабына сай алты биотехнологиялық орталықтың бірі — Целиноградта, біздің институттың құрамында ашылды. Одақ көлеміндегі 103 институт-

тар, басқа ұлттардың өкілдері. Мен Алматыда қырық жылдан артық тұрдым. Сол уақытта астанада партия басшысы болып бір қазақ сайланған жоқ. Айтыңызшы, астананың төрін өз ұлтына емес, басқаларға беріп қойған басқа кім бар, одақтас республикалардың қайсысын айтар едіңіз? Айта алмайсыз. Өйткені басқа үлгі жоқ, біздер — қазақтар кеңпейілді халықпыз, достыққа берікпіз, сондықтан да бізге ұлтшыл деген сөз ауыр, негізі жоқ, артық айтылған кінә», — деп сөзімді аяқтадым.

Сонымен ажырастық, өңгімеміздің салдарын кенірек көрдім. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бiлiм және ғылым бөлiмiнiң менгерушiсiне, одан кейiн Целиноград облыстық партия комитетiнiң хатшысына ұсынылған менiң кандидатурам сол сабақтың алдынан «ұлтшыл» деген айыппен қолдау таппай, кейiн қайтарылды.

— 30 корпоративті көшбасшысы кәсіпорып құру туралы бастаманы да өзіңіз көтердіңіз. Осы шаруа қаншалықты үмітті ақтайды, «өлдебіреулердің жеке қызынушылығы «жолымызды» кесіп кетпей ме» деген күдік жоқ па?

— 30 корпоративті көшбасшы кәсіпорын туралы ұсыныс «Қазына» қоры мен үкімет басшыларынан туды ғой деймін. Кластерлік даму туралы пікірді алғашқы рет мен айтып, үкіметке ұсыныс енгізіп, шетелдерден мамандар шақырып, алғашқы үлгілерін жасауға қатысып едім. Нәтижесінде, үкімет жеті кластерді дамытуға шешім қабылдады. Кластер дегеніміз — өндірісті, оған байланысты салаларды ұялы түрде қалыптастыру. Мысалы, бір өндірісте үлкен бір кәсіпорын бар дейік. Оның негізгі құрамы хәм қосалқы құрамдары бар. Барлығын бірдей өзі жасауға ұмтыла бермей, аталмыш кәсіпорын кейбір бұйымдарды шығару немесе олармен жабдықтау мәселелерін көрші отырған кішігірім кәсіпорындарға тапсырады. Соның арқасында жанағы үлкен кәсіпорынның жанында шағын бизнес дамиды. Бәрі ортақ мақсатқа жұмыс істейді, әрқайсысына да осылай бірлесіп жасаған кәсіпкерлік тиімді. Осындай ұялы жұмыстар Үкімет нұсқауымен жасалмайды, бір-біріне қажеттігін кәсіпорындардың өздері анықтайды. Технологиялық, экономикалық байланыстардың тетігін өздері шешеді. Осындай өз ынтасы, өз еркімен жасалған өндірісті дамытудың ұялы жобалары өте тиімді екенін дүниежүзінің көптеген елдерінің тәжірибесінен көруге болады. Ең әуелі үлгі ретінде Америкадағы «Силиконовая долина» кластерлерін айтуға болады. Германияда бірнеше кластерлер өте нәтижелі дамуда. Швецияда тек қана бір металл шығаратын кәсіпорынның негізінде машина жасау, тұрмысқа керек тоназыпқыш, басқа да бұйымдар шығаратын өндірістер саласы жедел бой көтерді. Міне, заманымыздағы өндірісті ұйымдастырудағы озық үлгілер — осы кластерлер. Біздерде де жұмысты осылай ұйымдастыруға толық мүмкіндік бар. Бірақ біздің кейбір өте қажетті жобаларды іске асырудағы қимылымыз өте шабан. Нәтижесінде, еліміздің пи-

үкімет жақында ғана шетелге шығаратын мұнайдың әрбір тоннасына 109 доллар қосымша экспорттық салық түрін енгізді. Бұл бізге осы жылы 1 млрд. доллар шама-сында қосымша қаржы өкеледі. Осындай экспорттық салық енгізу шикізат шығаратын өзге салаларға да ойластырылуға. Демек, Президентіміздің биылғы Жолдауында көрсетілген жалақыны көбейту, зейнетақыны өсіру, ана мен баланы, мүгедектерді әлеуметтік қорғау шаралары секілді бюджеттегі әлеуметтік салаларға бөлінетін қаржы азаймайды.

Рас, тамақтың, оның ішінде нанның бағасы өсіп отыр. Бұл да — әлем елдерінің бәрінде болып жатқан құбылыс. Оның екі себебі бар. Біріншісі — әлемде халық саны тынбай өсуде. Жылда 80-85 млн. халық жанадан қосылады. Яғни әрбір жылда әлем деңгейінде Германия сияқты бір жаңа мемлекет пайда болды деген сөз. Оларды тамақтандыру керек, ал енді біздер мекен еткен планетаның, жер-ананың мүмкіндігі шектеулі. Екінші себеп — бұрын ауылшаруашылық, әсіресе, дақыл түсімдерін барлық елдер азық, тамақ ретінде пайдаланатын еді, қазір азықтан биоэтанол, яғни қосалқы бензин шығару технологиясы шықты. Кәсіпкерлерге ол өте тиімді болып, азықтың бір бөлшегі осы биоэтанол шығаруға кетті. Әлем деңгейінде бұл тамақтың тапшылығына өкелді, кейбір елдерде күрішті картоқчакен шектеп берін жатқанын теледидардан көріп отырмыз.

Осындай келенсіз көріністер бізге де әсерін тигізіп отыр. Жақында Үкімет астықты шетелдерге шығарып сатуға тыйым салды. Бұл — өте дұрыс шешім. Осындай шешімдерді ауылдан өндірілетін басқа да түсімдер туралы ойластыру қажет. Бағаны тежеу, азық қорын жасау Үкімет назарынан ешқашан түспеу керек және пәрменші іс-қимылды қажет етеді.

— Ерен елдіктің қатарына кіреміз, елден ерек болуға қол жеткіземіз деп құлшынып жатырмыз. Қаланың халі болмаса, ауылдағы ағайынның ахуалы өлі де жақсара қоймағаны ашы да болса пшндық. Бұл қалай болмақ?

— Елу елдің санатына қосыламыз деген — баршамыз қолдаған асқақ арман. Оның толық негізі бар. Бүгінгі Қазақстанның жер байлығы мен азамат байлығы, экономикалық қуаты оны орындауға толық мүмкіндік береді. Тек елге тыныштық, халыққа бірлік, іс басындағыларға, бөрімізге де қажырлы еңбек ету керек.

Ел межесі елуге жету, өрине, онай шаруа емес. Көптеген салаларда олқылықтар бар. Ең осал жеріміз — ауыл экономикасы, ауыл тұрмысы. Оны дұрыстамай Қазақстанға өркеніет келмейді. Осыны Елбасы түсінбей отырған жоқ. Көптеген шаралар іске асуда. Елді мекендерге су құбырлары тартылып жатыр. Жылда осыған миллиардтаған қаржы бөлінеді, нәтижесінде, барша ауыл тұрғындары таза ауызсуымен қамтамасыз етіледі деген үміттеміз. Жер-жерлерде халықтың денсаулығын қарайтын шағын мекемелер ашылып, олар тиісті құрал-жабдықтармен, техникамен жарактанты-

